

Қызылжар ауылдық округі елді мекендерінің көшелерін атау туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 шілдеде № 3-7-110 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 18.03.2017 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Қызылжар ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 20 мамырдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 18.03.2017 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қызылжар ауылының көшелеріне төмендегі атау берілсін:
 - 1) Достық көшесі;
 - 2) Астана көшесі;
 - 3) Абылайхан көшесі;
 - 4) Әлия Молдағұлова көшесі;
 - 5) Ыбырай Алтынсарин көшесі;
 - 6) Абай көшесі.
2. Қаракемер ауылының көшесіне төмендегі атау берілсін:
 - 1) Тәуелсіздік көшесі;
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

Г. Балманова